

**ISSN: 1814 - 6961**  
**E-ISSN: 2788-9718**

# **ОТАН ТАРИХЫ**

## **ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал**  
**2022, № 3 (99)**

**3 /2022**

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым Комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

**Бас редакторы:**

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

**Редакциялық алқа:**

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

**Жауапты редактор:**

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Жауапты хатшы**

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

**Техникалық хатшылар:**

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде  
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге  
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**Учредитель:**  
Министерство Образования и науки Республики казахстан  
Комитет Науки  
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**  
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

**Ответственный редактор**  
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

**Научный редактор**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Ответственный секретарь**  
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**Технический секретарь**  
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

**Адрес редакции:**  
050100, Республика Казахстан,  
г. Алматы, ул. Шевченко, 28  
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова  
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>  
Тел.: +7 (727) 272-46-54.  
E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан  
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно  
делается ссылка на журнал.

**Founder:**

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan  
Committee of Science  
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

**Chief editor**

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

**Members of editorial board:**

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

**Executive Editor**

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

**Scientific Editor**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Executive Secretary**

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

**Technical secretary**

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

**Editorial office address:**

050100, Republic of Kazakhstan,  
Almaty, Shevchenko str., 28  
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov  
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com) .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan  
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,  
a link to the magazine is necessarily made.

Uliyanov audany. [in Russian]

Le Rua Ladiuri E. Montaiiu, oksitanskaia derevnia (1294-1324). Per. s fr. V.A. Babintseva i Ia.Iu. Startseva. [Montayu, Occitan village (1294-1324). Translated from the French by V.A. Babintseva and Ya.Yu. Startseva.]. Ekaterinburg: Izd-vo Ur. un-ta, 2001. 541 s. [in Russian]

Mukanov T.O. T.zh.: 01.10.1946., zhazba uakyty: 26.12.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Aktogai audany. [in Kazakh]

Omarova M.A. T.zh.: 11.11.1946., zhazba uakyty: 15.05.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Karkaraly audany. [in Kazakh]

Russian State Archive of Socio-Political History (RSASPH). 591-q., 1-t., 169-is., 162-163-p. [in Russian]

Russian State Archive of Economics (RSAE). 7486-q., 25-t., 473-is., 129-130-p. [in Russian]

Russian State Archive of Economics (RSAE). 7486-q., 18-t., 1673-is., 385, 389, 410, 411, 412, 413, 414 pp. [in Russian]

Saktaganova Z.G. Women's labor and everyday life in the great patriotic war years//Opciyn, Aco 36, Especial No. 27(2020). — R. 1168-1183. [in English]

Sagatova G. T.zh.: 01.02. 1953., zhazba uakyty: 06.04.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Egindibulak audany. [in Kazakh]

Sabaganov T. T.zh.: 01.09.1936., zhazba uakyty: 6.12.2021., orny: Ulytau s., 1964-1985 zhzh. turdy: Ulytau audany. [in Kazakh]

Shcheglova T.K. Derevnia i krestianstvo Altaiskogo kraia v XX veke. Ustnaia istoriia. [The village and the peasantry of the Altai Territory in the XX century. Oral history.]. Barnaul: BGPU, 2008. 526 s. [in Russian]

State Archive of the Russian Federation (SARF). 5465-q., 26-t., 4805-is., 42-43-p. [in Russian]

Tatimov M. Auyldagy demografiialyk ahual. [Demographic situation in the village]. Almaty: Kainar, 1990. 240 b. [in Kazakh]

Tattimbetov S.M. T.zh.: 12.06.1947., zhazba uakyty: 13.04.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Karkaraly audany. [in Kazakh]

Tolkenova R.S. T.zh.: 30.08.1958., zhazba uakyty: 03.02.2022., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Nura audany. [in Kazakh]

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961\_2022\_3\_155

## АЛМАТЫДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ

**Борбасов Сайын Молдағалиевич<sup>1\*</sup>ID**

<sup>1</sup>Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

\*Автор-корреспондент

E-mail: Borbasov54@mail.ru

**Түйіндеме.** Желтоқсан көтерілісі кеңестік тоталитарлық жүйеге, империялық коммунистік идеологияға соққы берген 80-ші жылдардағы алғашқы ірі қарсылық болды. Қазақ жастарының аса батыл әрекеті Кеңес Одағының басқа халықтарының ұлттық санасының оянуына айтарлықтай ықпал етті, Кеңес халықтарының ұлттық тәуелсіздігіне жол ашты. Қазақ халқы тек тәуелсіз мемлекет болу ғана оның ұлттық мақсат-мұраттарының орындалуына қол жеткізетіндігін түсінді. Көтеріліске қатысқан жастардың ерлік істері, батырлығы мен тұрақтылығы бүкіл Республика халқына үлгі-өнеге болды. Желтоқсандықтардың ешқайсы өздерінің алаңға шығып, арнайы дайындықтан өткен жазалаушы әскерилермен, қауіпсіздік органдары қызметкерлерімен қарсыласқандарына өкініш білдіріп, биліктен кешірім өтінбеді.

Желтоқсан көтерілісі шындығы әлемдік қауымдастыққа жетті. Әлем жұртшылығы КОКП басшылығының зорлықшыл, репрессиялық саясатын бірауыздан айыптады. Қазақ жастарының ұлттық құндылықтар жолындағы күресін қуаттады. Желтоқсан көтерілісінен кейін қазақ халқының ұлттық және этносаяси бірегейлену үдерісі күшейе түсті. Автохтонды қазақ халқының тілін, тарихын, гуманистік дәстүрлері мен рухани құндылықтарын дамыту шаралары өрістеді. Сонымен қатар, поликонфессионалды, полиэтникалық Қазақстан қоғамында ұлтаралық араздық күшейген жоқ. Ел халқының дәстүрлі өзара түсіністігі мен татулығы сақталды. Сол жылдарда республика халқының 40 пайызын құрап отырған қазақ ұлтының рухани талаптарына елде тұратын орыс, украин, неміс, өзбек, ұйғыр халықтарының диаспорлары түсіністікпен қарады. Желтоқсан көтерілісі Қазақстанның егемен мемлекет болуына әлеуметтік-рухани алғышарт жасады.

**Кілт сөздер:** КСРО, КОКП-ның ұлт саясаты, қайта құру, Желтоқсан көтерілісі, тіл мәселесі, этносаралық қатынастар, тоталитарлық жүйе, демократияландыру, саяси плюрализм, әлеуметтік белсенділік.

*\*Мақала ҚР БҒМ № OR11465469 «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» академиялық басылымын жеті томдық етіп әзірлеу» бағдарламалық-нысаналы жобасын іске асыру аясында орындалды.*

**МРНТИ 03.20**

## ДЕКАБРЬСКОЕ ВОССТАНИЕ 1986 ГОДА В АЛМА-АТЕ

**Борбасов Сайын Молдағалиевич<sup>1\*</sup>ID**

<sup>1</sup>Институт Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, г. Алматы, Республика Казахстан

\*Автор-корреспондент  
E-mail: Borbasov54@mail.ru

**Аннотация.** Декабрьское восстание было одним из первых выступлений против тоталитарной советской системы и имперской коммунистической идеологии. Решительные действия казахской молодежи оказали серьезные воздействия пробуждению национального самосознания других народов Советского Союза, открыла дорогу национальной независимости советских народов. Казахский народ начал понимать, что только создание независимого государства обеспечить реализацию его национальных интересов. Героизм, самоотверженность и стойкость участников восстания стали примером подражания для населения всей Республики. Ни один из участников декабрьского восстания не выразил сожаления и не просил пощады от власти, хотя они были избиты и репрессированы спецотрядами и органами государственной безопасности.

Правда о декабрьском восстании дошла до мирового сообщества. Мировая общественность единодушно осудила насильственную и репрессивную политику руководства КПСС. Она поддержала действия казахской молодежи за национальные ценности. После декабрьского восстания заметно усилились процессы национальной и этнополитической идентификации казахского народа. Заметно активизировались меры по развитию языка, истории, гуманистических традиций и духовных ценностей автохтонного казахского народа. При этом не усилились межэтнические конфликты в поликонфессиональном и полиэтническом казахском обществе. Сохранилась традиционная дружба и межэтническое согласие народа Казахстана. В эти годы примерно 40 % населения республики составляли казахи. Крупные диаспоры русских, украинцев, узбеков, уйгур с пониманием отнеслись к требованиям казахского народа в области духовной сферы. Декабрьское восстание создало фундамент для формирования независимого казахского государства.

**Ключевые слова:** СССР, национальная политика КПСС, перестройка, Декабрьское восстание, языковой вопрос, межэтнические отношения, тоталитарная система, демократизация, политический плюрализм, социальная активность.

**IRSTI 03.20**

## DECEMBER UPRISING OF 1986 IN ALMA-ATA

**Borbasov Sayin Moldagalievich<sup>1\*</sup>ID**

<sup>1</sup>Ch.Ch. Valikhanov institute of history and ethnology, Almaty, Kazakhstan.

\*Corresponding author  
E-mail: Borbasov54@mail.ru

**Abstract.** The December uprising was one of the first actions against the totalitarian Soviet system and imperial Communist ideology. The decisive actions of the Kazakh youth had a serious impact on the awakening of the national consciousness of other peoples of the Soviet Union, opened the way for the national independence of the Soviet peoples. The Kazakh people began to realize that only the creation of an independent state would ensure the realization of its national interests. The heroism, selflessness and steadfastness of the participants in the

uprising became an example for the population of the entire Republic to follow. None of the participants in the December uprising expressed regret or asked for mercy from the authorities, although they were beaten and repressed by special detachments and state security agencies.

The truth about the December uprising has reached the world community. The world community unanimously condemned the violent and repressive policy of the leadership of the CPSU. It supported the actions of Kazakh youth for national values. After the December uprising, the processes of national and ethno-political identification of the Kazakh people noticeably intensified. Measures to develop the language, history, humanistic traditions and spiritual values of the autochthonous Kazakh people have noticeably intensified. At the same time, inter-ethnic conflicts in the multi-confessional and multi-ethnic Kazakh society did not intensify. The traditional friendship and interethnic harmony of the people of Kazakhstan has been preserved. During these years, approximately 40% of the population of the republic were Kazakhs. Large diasporas of Russians, Ukrainians, Uzbeks, Uighurs were sympathetic to the demands of the Kazakh people in the field of the spiritual sphere. The December uprising laid the foundation for the formation of an independent Kazakh state.

**Key words:** USSR, national policy of the CPSU, perestroika, December uprising, language issue, interethnic relations, totalitarian system, democratization, political pluralism, social activity.

**Кіріспе.** XX ғасырдың 80-ші жылдарында Кеңес Одағында қоғамдық тоқырау жағдайы дағдарысқа ұласты. КСРО-да саяси ахуалдың шиеленісуіне ерекше ықпал еткен Алматы қаласында 1986 жылы болған Желтоқсан көтерілісі болды. Көтеріліс аяқ астынан басталғанымен оның шығу себептері КСРО-да қордаланған, шешімін таппаған мәселелердің қайшылыққа ұласуына байланысты еді. Соның ішінде Қазақстанда ұлт мәселесіне қатысты түбегейлі шаралар жасалмады. Өсіп келе жатқан қазақ ұлтының тілдік, мәдени дамуы және әлеуметтік жағдайы дұрыс шешілмеді.

КСРО-ның әскери-өнеркәсіп кешені қарамағындағы, экологиялық апат аймақтарына айналған аудандардың халқы түрлі ауруларға шалдықты. Бай ресурстар бола тұра халықтың материалдық әлауқаты нашарлады. Ұлттық санасы ояна бастаған қазақ жастары өз халқының болашағын ойлап, оның тарихи кеңістікте сақталуын қалады. Қазақ жастары қазақ халқы Қазақстанның негізгі иесі, осы жердің ғасырлар бойы иеленіп келген автохтонды халық деп есептеді. КСРО басшылығының Қазақстанды өз вассалы, Кремльге тәуелді, орталықтың айтқанын орындайтын отар ел ретінде қатынас жасауын жастар қаламады. Қазақ жастары Қазақстанның өзін-өзі басқаратын, өз байлығына өзі қожа мемлекет болуын көкседі. Осы асқақ арман мен отаншылдық көңіл-күй Алматыдағы жұмысшы және студент жастарды орталық Л. Брежнев атындағы алаңға алып шықты.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми мақаланы жазу барысында еліміздің мемлекеттік архивтерінде сақталған материалдар кеңінен пайдаланды. Олардың негізгілері «Желтоқсан. Декабрь. 1986. Документальная хроника» жинағына енгізілген 159 құжат. Бұл құжаттар негізінде 1986 жылы Алматы қаласында болған Желтоқсан көтерілісінің тарихи картинасын жасауға болады. Сонымен қатар зерттеудің документалдық базасын сол жылдары жарияланған БАҚ-тағы материалдар, Желтоқсан көтерілісіне қатысушылар мен куәгерлердің естеліктері жинақталған ғылыми жинақтар құрайды. Мақала авторы студенттердің көтерілісінің куәгері. Көптеген мәселелерді мақала авторының тікелей көріп, араласқандағы тарихи шындықты ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық тіректері тарихилық, жүйелілік, кешендік, объективтілік, ретроспективтік ғылыми принциптер және әлеуметтік-этникалық қайшылықтардың табиғатын ашуға көмектесетін саяси конфликтология жетістіктері. Мәселенің табиғатын ашу мақсатында жалпы ғылыми әдістер: салыстырмалы талдау, хронологиялық әдіс, сараптау, қорытындылау т.б. қолданылды. Сонымен бірге ректоралдық, аймақтық ерекшеліктерге назар аударылды.

**Талқылаулар.** Зерттеуде Желтоқсан көтерілісіне байланысты жарияланған ғылыми әдебиеттерге талдау жасалынды. Сол жылдары жарияланған БАҚ мақалалары мен Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың естеліктері ерекше назарда тұрады. Желтоқсан көтерілісіне қатысты КОКП ОК басшылығының, жергілікті биліктің позициялары талқыланды. Қазақстанның студент және жұмысшы жастарының саяси көңіл-күйі мен психологиясын көрсететін публицистикалық материалдар да талданды. Қазақстан Компартиясы 1986 жылғы 16 желтоқсанда өткен V Пленумында қабылданған шешімдерге сәйкес республикада өрістеген оқиғаларға тікелей жауапты КОКП ОК Бас хатшысы М.С. Горбачев пен оның әріптестері Г.Г. Разумовскийдің, Б.И. Чебриковтің, М. Соломенцевтің т.б. қазақ жастарының демократиялық шеруге қарсы жүргізілген репрессиялық әрекеттері талданады.

Қазақстанға жіберілген КОКП ОК-ның өкілі Г. Колбиннің, З. Камалиденовтің, Г. Князевтің, В. Мирошниктің, Э. Басаровтың Желтоқсан көтерілісі күндерінде істеген қылмыстық, аяусыз репрессия әрекеттерінің салдары көрсетіледі. Желтоқсан көтерілісінің «еріксіз батыры» болған Д. Қонаевтың орны мен рөлі сарапталады.

Зерттеуді орындау барысында Желтоқсан көтерілісіне арнап жазылған ғылыми, ғылыми-публицистикалық, естелік әдебиеттер талқыланады. Әсіресе желтоқсан құрбандарын ақтау мақсатында



күрылған ақын М. Шаханов жинақтаған «Желтоқсан-эпопеясы» кітабындағы материалдар, Қ. Табсевтің, Б. Шахарымбайдың, Т. Айтбайұлының, Б. Әбдіғалиұлының т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі материалдарды атауға болады.

Желтоқсан көтерілісіне қатысып, сот үкімімен жазаланған азаматтардың тізімде аттары анықталғандары 103 адам. Ал, 25-30 мың қазақ жігіттері мен қыздарын репрессияға ұшыратқаны үшін марапат алғандардың саны 2005 адам. Олардың 5-і Қызыл жұлдыз ордендерімен марапатталған. Өкінішке орай, жазаланып, жазықсыз түрмеге отырған қазақ жігіттері мен қыздарының есімдерін толықтай қалпына келтіре алған жоқпыз. Тақырыпты зерттеуді жалғастырудың зәрулігі осы құпиялардың ашылмауына байланысты.

**Нәтижелер.** КОКП басшылығы дағдарысты тізгіндеудің негізгі жолы – орталықтың билігін нығайта беру, барлық республикаларды Кремльдің «сара» жолынан шығармау, халықтардың бостандыққа ұмтылысын шектеу деп түсінді. Алайда Мәскеу билігінің Кеңес Одағына белсенді таратумен болған идеологиялық ұстанымдарымен елдегі өмір шындығы мүлдем кереғар қайшылыққа түсті.

1985 жылы КСРО-ның басқарушы партиясы КОКП-ның Бас секретары қызметіне келген Михаил Сергеевич Горбачев мемлекетті дамытудың негізгі бағыты ретінде Кеңес қоғамын «қайта құру», «жаңа саяси ойлау», «қоғамдық өмірді демократияландыру», «ашықтық, жариялылық саясатын жүргізу», «жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдылығы» сияқты дамыған мемлекеттер халықтары ұстанатын құндылықтарды күн тәртібіне қойды. Осылай бола тұра іс жүзінде КОКП басшылығы орталықтанған, тоталитарлық саяси жүйені сақтап қалуға тырысты. КОКП жаңа басшылығы бір-бірімен қабыспайтын демократия мен тоталитаризмді біріктіруге тырысты. Сөз бен істің алшак болуы қауіпті шектен шықты.

Горбачев бастаған қоғамдық өмірдің барлық салаларын, жаңарту ұрандары мен идеяларын кеңес халықтары, әсіресе жастар қызу қолдады. Олар «қайта құруды» ұлттық өмірді, ұлттық мәдениетті, ұлттық тілдерді қайтадан жандандыру деп қабылдады. Қоғамның жариялылығын өз пікірлерін ашық айту, саяси көзқарастарын жасырмау, жеке адманың сөз, баспасөз, жиналыс бостандықтарының қорғалуы деп түсінді. Қазақ халқы мен қазақ жастары Кеңес Одағын қамтыған саяси өмірдің жаңаруы үдерісіне қосылды. Демократияландыру мен қайта құру үдерістері қазақ халқының ұлттық санасының оянуына көмектесті.

«Қайта құру» үрдісіне енген КСРО-дағы саяси-әлеуметтік өмірдің өзгеруі жағдайында Қазақ ССР-нің астанасы Алматы қаласында 1986 жылғы желтоқсан айында жұмысшы және студент жастарының ірі көтерілісі болды. Көтеріліс 1986 жылдың 15-18 желтоқсан аралығында төрт күнге созылды. Стихиялы басталған көтеріліс бұқаралық сипат алып оған 30-35 мыңдай адам қатысты. Сол жылдарда биліктің ресми деректерінде 1986 жылғы 29 желтоқсан күні жасаған баяндамасында 17,18 желтоқсан күндері Алматыдағы Л. Брежнев атындағы алаңға 27 мыңдай адам демонстрацияға шықты. Олардың 2281 тұтқындалды. Соның ішінде 1171 жұмысшы, 873 студент, 39 КОКП, мүшелері болған, 602 адам жараланып, олардың 178 ауруханаға жатқызылған, соның ішінде 137 әскерлер мен милиция өкілдері бар 51 автокөлік пен 6 сауда орталығы күйреді деген мәліметтер берді (Әбдіғалиұлы, 2021: 64).

Ресми ақпарат Алматыда ереуілге шыққандардың көпшілігі «нашақорлар, бұзықтар, маскүнемдер» болды деп жалған мәліметтер таратты. Жастар ұлтшыл элементтердің айтағына еріп биліктің, Компартияның шешімдеріне қарсы шықты деген уәж айтылды. Биліктің жалған ақпаратына қарамай қарсылық митингілерінің Жезқазған, Павлодар, Семей, Шымкент, Қарағанды, Талдықорған, Көкшетау, Арқалық қалаларында және бірнеше аудан орталықтарында болуы ел халқының, жастардың ресми биліктің жалған ақпаратына, Желтоқсан көтерілісшілеріне жапқан жаласына мүлдем сенбегендігін дәлелдейді. Халық КОКП басшылығының екіжүзді саясат жүргізетіне көз жеткізді.

Желтоқсан көтерілісіне қатысушы, белгілі жазушы Болат Шарахымбай «1986 жылғы Желтоқсан шын мәнінде халықтық қозғалыс дәрежесіне көтерілген құбылыс болды емес пе? Біріншіден оған кем дегенде 35-40 мыңдай ереуілшілер, дәл осы шамада жазалаушылар қатысты. Екі жақтан барлығы 70-80 мыңдай адам. Келесі бір ресми деректерге сүйенсек «ұрыс майданында» 8,5 мың көтерілісші ұсталып, уақытша оқшаулау изоляторларына тоғытылған. Олар аузы-мұрына шығып толған соң алаңнан ұсталғандардың тағы бірнеше тобын автобустарға тиеп, қаладан тыс Каменка, Фабричный елді-мекендеріне апарып төгіп тастаған. Жәй тастамай кей тұстарда жігіттердің шалбарларын сыпырып алған, ал қыздарды ақ қар, көк мұзға етпетінен жатуды талап еткен», - деп жазады (Шарахымбай, 2016:6).

Алматыдағы Желтоқсан көтерілісінің бұқаралық сипатын және бүткіл Кеңес Одағына жасаған ықпалын орталық ақпарат құралдары да мойындауға мәжбүр болды. «Комсомольская правда» газеті бұл демонстрация ұлттық сипат алған студент және жұмысшы жастарының алғашқы бұқаралық толқуы болды», - деп бағалады (Комсомольская правда, 1990:3).

Түрлі деректер 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісіне қатысушылар санын 25-35 мың шамасында деп көрсетеді. Ереуілге қатысқандар санының осы мөлшерде болғаны ақиқат. Осыншама көп адам қатысқан ереуіл Қазақстанда бұрын болмаған болатын. Ереуілге қатысушылар санын нақты ешкім санай алмағандығы белгілі.



Республика астанасында 25-35 мыңдай адамның бір-екі күн ішінде жиналып ереуілге шығуының түрлі объективті және субъективті себептері болды. Көтерілісті ұйымдастырған астыртын, құпия ұйымның, оны жоспарлаудың болмағаны шындық. Желтоқсан көтерілісінің басталуына түрткі болған оқиға Қазақ ССР-ін Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы болып 1960-1962 жж 1964-1986 жылдары 25 жылдай басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қызметінен алынып, орнына РКСФР-дің Ульяновск облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет еткен Геннадий Васильевич Колбинді қою болатын. 175 мүшелері мен 63 мүшелікке кандидаттары бірауыздан мәселені Қазақстан Компартиясы ОК V Пленумында шешті. ОК мүшелері 18 желтоқсанда ширек ғасыр Қазақстанды басқарған Д.А. Қонаевты ОК бірінші хатшысы қызметінен босатып, орнына елді, жерді халықты білмейтін Г.В. Колбинді сайлады (Әбдіғалиұлы, 2021: 9-12). 15-ақ минутта қабылданған бұл шешім республика халқының, әсіресе саяси санасы оянған қазақ жастарының ашу-ызасына себеп болды. Жастар Желтоқсанда орталық алаңға шығып, бейбіт шеру көтеріліске ұласты. 500-дей жастар бастаған ереуілді ондаған мың адам қолдап ереуілшілерге қарсы көп санды әскери күш жұмылдырылды.

Қазақстан Компартиясы V Пленумының шешімімен келіспеген Алматы студент және жұмысшы жастары бейбіт шеруге шықты. Жастар бейбіт түрде болып жатқан саяси оқиғаларға өз қатынастарын білдіргісі келді. Көтерілістің бастапқы сәтінде 17 желтоқсан күні таңертең 9.15 те шамамен 600-дей студент, жұмысшы жастар Қазақстан Компартиясының V Пленумының шешімін өзгертуді талап етіп Л. Брежнев атындағы Алматының орталық алаңына жиналып, ОК ғимаратының алдында өз талаптарын айғайлап айта бастады. 5-6 ұрандарды жазып көтереді. Екі-үш сағат ішінде жастар саны 5000 адамға дейін көбейіп, бірнеше көшелермен жүріп өтіп, қала тұрғындарын ереуілге шығуға үгіттеді. Белсенді топтың осындай харекеті арқасында кешке қарай ереуілшілер саны 25-30 мың адамға дейін артты. Жастар бейбіт түрде «Менің Қазақстаным» әнін айтып транспоранттарында «Жасасын Қазақстан», «Бірінші хатшы қазақ болуын қалаймыз», «Біз ерікті түрдегі одақты қалаймыз, зорлықпен қосылмаймыз», «Біз өзімізді өзіміз басқарғымыз келеді», «Әр халыққа-өз көсемдері», «1937 жыл қайталанбасын», «Колбин кетсін», «Мәскеу диктатурасына орын жоқ», «Халықтар достығы жасасын!», деген ұрандар жазылған транспоранттар ұстады. Әсіресе «Лениндік идеялар жасасын!», «Ұлт саясатының лениндік принциптерін силауды талап етеміз» деген ұрандарды жастар көп ұстады (Әлімгерейұлы, 2008:9). Ұрандар мен транспоранттар Желтоқсан көтерілістің бейбіт түрде басталғанын, Мәскеу билігіне бейбіт талап қойғандарын нақты дәлелдейді.

Алаңға шыққан жастар бас кезінде өздеріне қарсы арнаулы топтар шығып оларды таяққа жығады, соққыға алады, қуғынға ұшыратып, өлім күштырады деп ойлаған жоқ. Қазақ жастарын ұлттық намыс, орталықтың әділетсіздігіне қарсылық ниеті мен тәуелсіздік идеясы алаңға алып шықты.

Жастар Мәскеу билігі ресми саясатта ұстанған принциптерін, іс жүзінде, қоғамдық қатынастарда аяққа басатындығын білген жоқ. КОКП билігі қазақ жастарына қатысты да өзінің екіжүзділік саясатын жүргізді. Бейбіт Желтоқсан шерулерін аяусыз жазалау шаралары басталды. Биліктің репрессиялық саясаты, арандатуы бейбіт шерулердің көтеріліске ұласып кетуіне себепші болды.

Алматыда 1986 жылғы Желтоқсанда болған ахуалды ресми билік «Желтоқсан оқиғасы» деп бағалады. Баспасөзде «Желтоқсан ереуілі», «Желтоқсан қозғалысы», Желтоқсан көтерілісі деген атаулар тарихи оқиғаға қатысты айтылды. Осы тарихи фактіге байланысты талдау жасағанда Алматыда 1986 жылғы желтоқсан айында өткен жастар күресі қатардағы оқиға емес, шын мәніндегі көтеріліс болғанына көз жеткізіледі. Стихиялы түрде басталған жастардың бас көтеруі бейбіт жағдайдан шығып, студент және жұмысшы жастар көтерілісіне ұласты.

Біріншіден, Желтоқсан толқулары ұлт-азаттық сипат алды. Көтеріліс бүткіл Кеңес халықтарының орталыққа қарсы наразылығын оятты. КСРО-дағдарысының тереңдеп, шиеленіскен жағдайға жеткендігін көрсетті. Желтоқсан көтерілісіне қатысушылар тәуелсіз, демократиялық қоғам құру талаптарын күн тәртібіне қойды. Желтоқсан қазақ жастарының және оларды қолдаған басқа халықтар өкілдерінің ұлт-азаттық көтерілісі болды.

Екіншіден, көтеріліске қатысқандар арасынан 9 мыңға жуық адам ұсталып, жазықсыз зорлық-зомбылық көрген. Тек 17,18 желтоқсанда 2500 адам тұтқындалып, қамалған. Ресми деректерде жаракат алғандар саны 763-тен 1137 адамға дейін көрсетілсе, ақын Мұхтар Шаханов бастаған комиссия 1700 дей адам жаракат алғанын көрсетеді (Бабамұрат, 2013:3). Осыншама адам жаракат алып, ондаған адам құрбан болған жағдайды оқиға деп бағалау қате. Көтерілісте ғана халыққа осыншама ауыр шығын келді. Құрбан болғандардың қатарында Қ. Рысқұлбеков, Л. Асанова, С. Мұхамеджанова, Қ. Молданазарова, С. Қашағанов, Т. Дәуренбеков т.б. қыршын жастар болды. «Желтоқсан-86» байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі мемлекеттік комиссияны басқарған М. Шаханов көтерілісте 168 адам өлім күшты деп есептеген (Шарахымбай, 2016:6). Бірақ та құрбан болғандар саны әлі де нақты емес. Көтерілісте ондаған жастардың құрбан болғаны ақиқат. Желтоқсанда шейіт болғандардың толық тізімі әлі де жасалынған жоқ.

Үшіншіден, Желтоқсан көтерілісін ұйымдастырды, қатысты деген айыптаумен 758 студент оқудан шығарылған, 1164 жастар жаза алған, 319 азамат жұмыстан шығарылған, 110 адам сотталып. Оның 2-уі Қайрат Рысқұлов пен Мырзақұл Әбдікұлов ату жазасына бұйырылды. Мырзақұл Әбдікұлов түрмеден босап шықты (Бадамұрат, 2013:3).

Төртіншіден, Желтоқсан оқиғасының көтеріліс болуының нақты дәлелі ереуілшілдерді жазалауға тартылған әскерлердің көптігі. Құрамында 5700 сарбазы бар Алматы гарнизонының үш арнаулы отряды. Осыған қосымша Фрунзе қаласынан (Бішкек)-5445 әскер, Ташкенттен - 5452, Челябинскіден - 5427, Новосибирскіден - 5427, Уфадан - 5424, Свердловскіден - 5425, Тблсиден - 2169 әскер әкелінген. Жазалаушылардың сарбаздар, ішкі істер қызметкерлері, қауіпсіздік органдары адамдарының жалпы саны 60 мыңға тақаған (Бадамұрат, 2013:3). Алаңдағы жастарды арнаулы жасақтар темір күректермен, кесілген арматурамен және арнайы дубинкалармен аяусыз соққылаған. Ал, қазақ жастары тастар алып, шарбақтардың сынықтарын алып ұйымдасқан әскермен 3 күндей соғысқан. Жүздеген қазақ қыздары мен ұлдары соққы алды. Ондаған желтоқсандықтар осы соққыдан мүгедек болса, көпшілігі түрлі ауруларға шалдығып жастай өлім құшты.

Көтеріліс барысында 11 көлік өртеледі, 24-зақымданады, 39 автобус пен 33 жеңіл автокөліктерістен шығады. Бірнеше дүкендердің терезелері сынады. Желтоқсан көтерілісіне баға беру жөніндегі комиссияның басшысы болған ақын Мұхтар Шаханов бір сұхбатында көтеріліске қатысқан 168 адамның өлім құшқанын айтқан (Шарахымбай, 2016:6).

Келесі бір деректе көтеріліске қатысқан 30 мыңдай адамның 8515-ін құқық қорғау органдары тұтқындағаны, 5 мыңдай жастардың қала сыртына шығарылып тасталғаны, 2400 адам тұтқындалғаны, 1722 қыз, жігіттердің түрлі дәрежедегі жарақаттар алғандығы көрсетіледі. Көтеріліс барысында 3 адам энергетикалық институттың студенті Ербол Сыпатаев бақылаушы Аристов, жасақшы Савицкий өлім құшты. Савицкийді өлтірді деп айыпталған, Қайрат Рысқұлбеков Семей түрмесінде құпия жағдай да 1988 жылы 21 мамырда қаза табады (Нури Муфтах, 1991:3). 80 студент пен жұмысшы түрлі мерзімге сотталады (Бектемісұлы, 1991:4).

2007 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болған Нұртай Сабильянов өзі қатысқан Желтоқсан оқиғасына 1986 жылғы Алматыда болған Желтоқсан ұлт-азаттық көтерілісі деп баға береді. Желтоқсан қозғалысын ұлт-азаттық көтеріліс болды деген осы идеяны Мұхтар Шаханов екі томдық «Желтоқсан эпопеясы» атты деректі романында, Дүкенбай Досжанов «Алаң» атты романында, Баққожа Мұқай «Өмірзая» романында, Тұрлыбек Сәукетай «Ай қаранғы түн» романында, Оралхан Бөкеев «Желтоқсан желі» пьесасында, Есенғали Раушанов «Қара бауыр қасқалдақ» өлеңінде, Аманғазы Кәрімжанов, Серік Асылбекұлының шығармаларында қолдайды. Жазушы Талғат Айтбайұлы дайындаған 13 томдық деректік жинақта, Қайым-Мұнар Тәбеевтің «Мұзда жанған алау», «Қазақтың Желтоқсаны», «Қайсар рухты қазақ» атты шығармаларында, Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғалиевтің Алтынбек Сәрсенбайұлы атты қорда дайындаған 10 томдық жинақтарындағы топтастырылған құжаттар, деректер мен материалдар 1986 жылы Алматыда болған оқиғаның шын мәнінде ұлт-азаттық көтеріс сипатында болғандығын дәлелдейді. Көптеген авторлар Желтоқсанды көтеріліс деп есептеді (Шаханов, 2011:8).

24 жасында Алматы халық шаруашылығы институтының 3 - курс студенті болып жүрген кезінде Желтоқсан көтерілісіне қатысқан көп жылдар ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты болған Нұртай Сабильянов «1986 жылы алаңға шыққан жастардың ұраны мен алдыға қойған мақсаты - «Әр ұлтқа өз көсемі» деген ұран болды. Егер тарихқа терең үңілсек, әр мемлекеттің тарихында сын сағаттардың болғаны анық. Менің ойымша, дәл сол 1986 жыл қазақ халқының еркіндік, тәуелсіздік жолындағы сын сағаты болды. Ал енді сол сын сағаттан сүрінбей өткен елдің болашағы жарқын, тұрмысы жақсы болатыны ақиқат. Мен ойлаймын, дәл сол 86-ның желтоқсанында қазақ елінің тәуелсіздігі мен дербестігі, егемендігі жолында алаңға шыққан қазақ жастары шын мәнінде, тарихи сыннан сүрінбей өтіп, «Қазақ» деген ұлттың бар екенін, оның өмірлік мұраттарға берік жалын жүрек, құрыш білек қыз-жігіттер бар екендігін бүкіл дүние жүзіне паш етті», - деп жазды (Айтбайұлы, 2018:243).

Мәжіліс депутаты болған Н. Сабильяновтың «Желтоқсан көтерілісіне берген бағасы тарихи оқиғаның мәнін, мазмұнын, мақсатын ашады. Қазақ жастарының ұлттық санасының оянып өз елін, өз жерін, Отанын жан беріп қорғауға дайын екендігін Желтоқсан көтерілісі көрсетіп берді. Көтеріліске қатысқан ержүрек қыздың бірі - Жансая Сәбитова. Ол алаңдағы жастардың аяусыз соққыға жығылып жатқандығының куәсі болып, қала халқынан қолдау іздеп өз бетімен ұнпарақтар жазып таратып, үгіт-насихат жүргізіп нағыз мұғалім, ұстаз екендігін көрсетті. 19 желтоқсанда Алматыдағы №1 жұмысшы жастар мектебінің мұғалімі Жансая Сәбитова қолға түсті. 2 баланың анасы 5 жылға сотталды. Күйеуі, ғылым кандидаты Нығмет Сәбитов партиялық қатал сөгіс алады. Жансая мені алаңға алып шыққан аналық махаббат, аналық сезім еді», - деп есептейді (Тәбеев, 1989:7; Смәділ, 2009:6; Кенжеғұлов, 2009:5; Тәбеев, 2009:2). Жансаяның ақталып отбасына оралуына заңгер, ҚР Парламенті Сенатының депутаты болған Сабыр Қасымов көмек көрсетті. Жансая отбасына 4 жыл түрмеден соң оралады. Сабыр Қасымов

1995 жыл Парламентте өз бастамасына құрылған «Саяси құғын-сүргін құрбандарын зерттеу және құрбандарын ақтау хақында комиссия» құрып, желтоқсандықтарды ақтауға зор еңбек сіңіреді.

Аланға ереуілге шыққан жастарды Кремль идеологтары «аланға шыққандар негізінен нашакорлар, маскүнемдер, бұзақылар болатын және оларды ұлтшылдар деп айыптаған КОКП ОК Саяси бюросының шешімі дұрыс» деген ұстанымды насихаттады (Сабильянов, 2006:5).

Көтеріліске қатысушыларды тергеу мақсатында 1986 жылы 18 желтоқсанда 98 құқық қорғау қызметкерлері енгізілген шұғыл-тергеу тобы жасақталды (Айтөлен, 2006:5). Бұл шешімді 1986 жылғы Алматыда болған оқиғаны зерттеуге арнайы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі жанынан құрылған 1-ші мемлекеттік комиссия да қуаттауға мәжбүр болды. Шындығында қазақ жастарының бейбіт ереуілін қанға бояған КСРО басшылығы, мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (МҚК) ішкі істер министрлігі (ССМ) болатын. Олар 1985 жылы болуы ықтимал ереуілдерді таратуды көздейтін «Метель» операциясы даярлаған. «Метель» операциясы мақсаты-қоғамдық пікірді шатастырып, ереуілшілер социализм мен қоғамның дұшпандары етіп көрсету болатын. 1986 жылғы Алматыдағы жастар ереуілі осы «Метель» операциясын тәжірибеден өткізетін сынақ алаңына айналды.

КСРО МҚК төрағасы В.М. Чебриков, КОКП ОК Бас хатшысы М.С. Горбачевтан ауызша рұқсат алып, Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Г.Я. Колбинмен бірге отыра жасырын түрде 15-16 мыңдай орыс өкілдерінен құралған жасақшыларды темір таяқтармен қаруландырып қазақ жастарын ұрып-соғып жазалауға айдап салды (Шаханов, 2011:8). Осы әрекеттерімен КСРО басшылығы ұлы орыстық шовинизмді жасанды түрде қоздырды. Қазақстандағы қазақтар мен орыстар арасына алауыздық, өшпенділік тудыруға тырысты. Шын мәнінде Қазақстандағы орыс диаспорасының басым көпшілігі КОКП-ның жымсық саясатына ерген жоқ. Алайда билік қоғамдық пікірді Желтоқсан көтерілісшілері күн тәртібіне қойған мәселелерден мүлдем басқа арнаға бұруға ұмтылды. Қазақ жастары республикада қалыптасқан ұлтаралық татулықты, халықтар достығын бұзушылар ретінде, бұзақылар тобыры, партияның әділ саясатын түсінбейтін саяси сауатсыздар ретінде көрсетуді мақсат тұтты. Мысалы «Вечерняя Алма-Ата» газетінің 20 желтоқсан күнгі санында елге белгілі 7 қайраткер қол қойған «Нам горько» деген мақала жарияланды. Мақалада ұлтшыл элементтер соңына ерген қазақ жастарының бейбастыққа, бұзақылыққа барып, қоғамдық тәртіпті өрескес бұзғандығы айыпталды. Қазақ жастарының ұлттық шектеуде болуына, интернационализм принциптерін түсінбеуіне өкініш білдірілді (Шаханов, 2011: 5-6).

Жастардың қазақ тілін, қазақ мектептерін көбейту туралы армандарын ұлтшылдықтың түрі ретінде бағалау орын алды. XX-ғасырдың 80-ші жылдарында 1 миллионнан астам халқы бар Алматыда 2 ғана қазақ мектебінің болуы ұлттық құндылықтардың аяққа тапталуының нақты көрінісі екендігін КОКП басшылығы ұғынуға құлық танытпады. Билік интернационализм идеясын Кеңес халықтарының ұлттық құндылықтарын жүзеге асуы алаң емес, керісінше барлық аз халықтардың ортасынан, біртұтас кеңестік халыққа ассимиляцияланып, бірігуі деп ұғынды. Қазақ жастарының өз ұлтының ұзақ тарихи кеңістікте сақталуын қалағанын білгісі келмеді.

Кеңес Одағының кейбір басшылары Қазақстандағы Желтоқсан көтерілісінің түпкілікті себептері көп жылдар бойы қордаланған КОКП саясатындағы қателіктер салдарлары екендігін білді. КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі А.Н. Яковлев «Қазақстандағы оқиғалар-өткеннің автоматтан оқ жаудыруы» деп бағалады (Шаханов, 2011: 55-56). Желтоқсан көтерілісі шындығында КОРО-да ондаған жыл шешімін таппаған, қордаланған мәселелердің болуынан тұтанды. Оның негізгі басты себебі КОКП-ның қате ұлттық саясат жүргізуінде болатын. Ұлттық республикалар аты бар, заты жоқ тәуелсіздікте болды. Ұлттық өмірдің табиғи даму заңдылықтарына жауап берілген жоқ. Барлығы Орталық империялық мүдделерге бағындырылды. Қазақстанда қазақ халқы этникалық жойылудың алдында қалды. 1916 жылы 6 млн. асқан қазақтар саны 1959 жылы 2,9 млн. адамға дейін азайып кетті. Мұндай ауыр демографиялық дағдарыс КСРО-ның бірде-бір аймағында болған жоқ. Ашаршылыққа ұшыраған Украина халқының өзі қазақтармен салыстырғанда аз шығынға ұшырады. Қазақстанда өндірілетін мол шикізат орталықтың көмейіне құйылып жатты. Қазақстан экономикасының шикізаттық сипаты халықтың нақты табысының артуына мүмкіндік бермеді. Желтоқсан көтерілістері осындай қайшылықтарды батыл ашты. Олар алаңда «Қазақстан-бай ел. Бірақ біздің күн көрісіміз нашар, сонда барлық байлық қайда кетіп жатыр? Ауылымызда әке-шешеміз өндірген ет пен сүт, астық біздің аузымызға жетпейді. Басқа бірде-бір республикада өзге ұлттан бірінші хатшы қойылмаған, Қазақстанда бұл іске лайықты, адал, ақылды, өз еліне кіндігімен байланған адам табылмағаны ма? Орталық бізді өз ортамыздан басшы табуға қауқарсыз деп білетін пікірі-бүкіл қазақ халқын қорлағандық», - деген сөздерді айтты (Шаханов, 2011:71).

Ал билік болса, түрлі жиналыстар ұйымдастырып Қазақстандағы барлық еңбек ұйымдарында, мекемелерде Желтоқсан көтерілісіне қатынасқан «бұзақыларды, нашакорларды, ұлтшылдарды» айыптау шараларын жүргізумен болды. Қоғамдық тәртіпті бұзушылар, дүние-мүлікті шағушылар, ұлтшыл элементтердің соңынан ерген қазақтың қыз, жігіттері деген айыптаулар бүткіл БАҚ құралдарын жауып кетті. Мысалы, осындай мазмұндағы Қазақстан Компартиясы, ОК, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі



Президиумы, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Алматы қаласының азаматтарына үндеуін айтуға болады. Бұл құжатта да бұзақы жастарды ұлтшыл элементтер арандатып ереуілге шығарды. Жазықсыз адамдар зәбір көрді, күйретулер, тонаулар, өртеулер орын алды», делінді (Шаханов, 2011:78).

Куәгерлер ереуілшілерге қарсы билік әскери бөлімшелерге қосымша Алматы қаласының 4 ауданынан 2000-нан жасақшылар дайындауға тапсырма берді. Олар арматура, труба, кабел кесінділерімен темір шынжырлармен қаруландырылды. Көтерілісшілерді қызметтік иттерге талатты, саперлік күректермен ұрды. Жасақшыларға ереуілге шыққандарды елін-еркін ұрып-соғуға рұқсат етіледі. Бұл шаруаның барлығы Г. Колбиннің, Қазақ ССР Мемлекеттік комитетінің төрағасы В. Мирошниктің қазақ ССР-і Ішкі істер министрі Князевтің т.б. басшылардың нұсқауымен құпия тапсырмалар беру арқылы жасалынды.

Жиырма мыңдай әскерлер, құқық қызметкерлері, он мыңнан астам жасақшылар ереуілге шыққан қазақтың өрімдей ұлдары мен қыздарын аямай соққыға шықты. Желтоқсан айының 17,18,19,20 күндері ереуілшілерге қарсы қатал репрессиялық шаралар жүргізілді. Мәскеудің нұсқауын орындаушылар қатарындағы Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы Зақаш Камалиденов Қазақстанның ЖОО қазақ балаларының үлес саны көбейіп кетті, - деген айыптаулар айтты. Ол «Қазақстанда жүздеген астам ұлттар мен ұлыстар тұрады. Қазақтар 38,6 пайыз, 40,8 пайыз орыстар...жоғарғы оқу орындарында тұрғылықты халық өкілдері басым болғандықтан, жоспарлы түрде студенттердің әлеуметтік және ұлттық құрамын реттеу керек», - деп жариялады (Шаханов, 2011:75).

Билік елдегі кемшіліктердің, қайшылықтардың себебі қазақ ұлтшылдығы деген қағиданы ел халқының санасына сіңіруге тырысып бақты. Ұрып-соғу, жазалау шаралары қоса іске асырылды. Сол уақытта Алматыда әскери қызметте болған прапорщик В.А.Волковтың Шахановтың комиссиясына берген түсініктемесінде 17 желтоқсан күні түнде алаңда 120-150-дей адамның асфальтта жатқанын айтады. Ал, 21 желтоқсан күні В Волков Орта Азия мен Қазақстан бойынша Ішкі әскерлер басқармасының шұғыл кеңесінде шұғыл істер бөлімінің бастығы полковник Шербатов ереуіл барысында барлығы 168 адам өлгенін, оның ішіндегі 8-і ішкі істер қызметкерлері, 4 шекарашылар училищесінің курсанты, 1-адам Алматы милиция гарнизонынан өлді деген ақпарат берді (Шаханов, 2011:297) деп айтқанын жеткізеді. Сонда жазалаушылардың өлгендері-13 адам, ал қалған 155 адам ереуілшілер шығыны болып шығады. Жалпы шығын 168 адам.

ҚКП ОК бірінші хатшысы Г.В. Колбиннің баяндамаларында және басқа да ресми құжаттарда Алматыдағы Желтоқсан көтерілісінде 2-ақ адам, республика телеорталығының қызметкері В. Савицкий мен Алматы энергетика институтының студенті Е. Сыпатаев қаза болды деп айтылады. Одан кейін бұл тізімге Аристов өлімі қосылды. Ал «Метель» операциясының барысында Новосибирск, Челябинск, Свердловск, Ташкент т.б. қалалардан келген әскери отрядтардың сапер күректерімен, темір таяқтармен қарусыз көтерілісшілерде соққылауы барысында 1722 адам жараланды (Шаханов, 2011:703-704). Ал, тіркелмей жарақат алғандар саны белгісіз.

Желтоқсан көтерілісіне қатысқандардың құрбандыққа ұшырауы жәйінде алып-қашпа әңгімелерде көп болды. Жазушы Кәрішал Асанов Желтоқсанда үш мыңдай қазақ жастары құрбан болды деп жазды. Осы тектес қауесеттер көп жерде жарияланды. Демек, Желтоқсан құрбандары туралы ресми деректер де, байрессми деректер де әр түрлі. Нақты құрбандар санын көрсету үшін Алматыдағы Желтоқсан көтерілісіне байланысты барлық «құпия», «аса құпия» деп жабылған архив материалдары толық құпиясыздандырылуы керек. Бұл жағдай жақын келешектің ісі деп білеміз. Себебі, сол кездегі КСРО басшылығында және Қазақстан билігінде отырғандар МҚК арқылы Желтоқсан көтерілісіне қатысты құжаттардың құпия қалуына мүдделі болған.

Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың көпшілігі ақын М. Шаханов басқарған комиссияға берген түсініктемелерінде өздерінің соқылардан қайтыс болған қыздарды, ұлдарды көргендігін, оларға ешбір көмек көрсете алмағандықтарын жазады. Көтерілістен кейінгі қауіпсіздік комитетінің тарапынан Желтоқсан көтерілісіне қатысушыларға және олардың туыс-жақындарына жасалған қысым, қорқыту, шектеу шаралары билік үшін тиімді болды. Халық іштен тынды. Соққыдан мүгедек болғандардың басым көпшілігі «жабулы қазан жабулы қалсын» деп ойлады. Бүткіл ұрпаққа зорлықтың мұра болып қалуынан қорықты. Бұл жерде әлеуметтану ғылымындағы феноменологиялық әлеуметтанудың ескертулеріне назар аудару керек сияқты. Осы саланың негізін салушы А. Шюц «әлеуметтік құбылысты ұғыну үшін оны жасаушы адамның қызметіне назар аударуға міндеттіміз. Оның әрекеті сол кезде пайда болған мотивтермен тікелей байланысты», -деп жазады (Шаханов, 2011:702). Демек, Қазақстан қоғамын жайлаған репрессиялық шаралардың қорқу психологиясы 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісінің көптеген шындықтарының айтылмай, ашылмай қалуына себеп болды.

Желтоқсандықтар мен олардың туысқандары өздерінің және балаларының келешегін ойлап биліктің кесірінен болған көптеген трагедиялық жағдайларды ашық айтпай, жасырын қалды. КГБ өкілдері оларға шындықты айтып жар салсаңдар түп-тұқымдарыңмен жазаланасыздар, жапа шегесіздер деп қорқытты, шындықты айтуға мүмкіндік бермеді. Сонымен қатар Қазақстан халқы 1933-1938 жылдардағы

НКВД-ның қуғын-сүргін саясатын іске асырғанын ешбір ұмытқан жоқ болатын. Сталиндік репрессиялық саясат 1988 жылы Алматыдағы көтерілісте тағы да қайталанатын. Әрине оның масштабы 30-жылғы репрессиялар көлемінде болған жоқ. Мәскеу билігі «Метель» операциясын осылай іске асырды. Халық тыныштықты, ұрпақ болашағын ойлап Желтоқсан шындықтарын ашық айтпай қалды. Қазақ халқының әрекетін түсіну үшін феноменологиялық әлеуметтану талабы бойынша «типтік акторлардың типтік мотивтерін табу жеткілікті. Белгілі бір типтік ахуалда өтетін типтік әрекетті түсінуге болады» (Шюц 2003:104). Желтоқсан көтерілісінен кейін биліктің репрессиялық шараларының жалғасуын тоқтату мақсатында Желтоқсан идеялары үшін күресті жалғыстыра алмады. Алайда, Желтоқсан көтерілісі Қазақстан қоғамына өшпестей із қалдырып кетті. Желтоқсан көтерілісі Кеңес Одағындағы халықтардың ұлттық санасын, тәуелсіздікке ұмтылысын оятты. КСРО-дағы тоталитарлық билікке қарсы көтерілістер Бакуде, Тбилисиде, Вильнюсте, Сумгаитте орын алды. Желтоқсан көтерілісі Кеңес халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы бастаған феномендік құбылысқа айналды.

Желтоқсан көтерілісі КСРО-ның дағдарыстық сипатын, коммунистік идеологияның және КОКП-ның ұлы саясатының дәйексіздігін көрсетіп берді. Ол Кеңес халықтарының санасын оятты, олардың егеменділікке ұмтылысын күшейтті. Желтоқсан көтерілісі әлемдік социалистік жүйенің дағдарысқа ұшырағанының анық көрсеткіші болды. КОКП-ның демократияландыру, жариялылық саясатының жалған екендігін Желтоқсан әлем алдында дәлелдеді.

Қазақтың жастары Желтоқсанда алаңға КОКП басшылығы жария еткен Кеңес қоғамын демократияландыру, саяси плюрализм туралы ұрандарға сеніп шықты. Алайда партиялық әкімшілік номенклатураның сөзімен ісі тағы да екі бөлек болып шықты. КОКП-ның Бас хатшысы М. Горбачев бастаған билігі қазақ жастарының заңды, бейбіт талаптарын тыңдаудан бас тартты. 1986 жылғы Алматы жастарының көтерілісін басып-жаныштау шараларын КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі М.С. Соломенцев басқарды. Желтоқсандағы жастардың трагедиясына тікелей жауаптылар М. Горбачев, М. Соломенцев, Г. Колбин сияқты КОКП басшылары болды. Олар тіптен Желтоқсан көтерілісінің мәні мен мақсаттарын да түсінгісі келмеді. Қазақстан Компартиясы ОК кеңейтілген жиналысында 1986 жылы 23 желтоқсанда М. Соломенцев Желтоқсан көтерілісіне өзінше партиялық баға береді: «Түсініктісі: алаңда өткен оқиғалар кездейсоқ емес. Бұл стихиялық құбылыс емес. Бұл ұйымдасқан шаруа. Кім ұйымдастырушы, бізге белгісіз. Оларды табамыз ба, таппаймыз ба, маған айту қиын. Өрістеген жағдайға қарағанда бұл ұйымдастырылған іс болып көрінеді... Адамдардың белгілі тобы қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Жаңа жылға дейін сот процестері болуы мүмкін. Олардың 2-3 пайызы ашық өтеді. Бұл туралы баспасөзде, радио мен теледидарда ақпарат беру керек. Барлығын халыққа жақсылап көрсету керек. Қазір осындай бейбастақтың орын алуы туралы партия, комсомол жиналыстары өткізілуде, комсомолдар мен коммунистердің ұлтшылдық әрекеттері талқылануда... Қала халқының қалай толығын талдау керек. Мен кезінде осында қызмет еткенде қазақ тұрғындар 8 пайыз болатын. Мен дұрыс айтамын ба? Ал қазір 16 пайыз. Екі есеге артып кеткен...», - деген пікір айтады (Тәбей, 1991:2).

Партия басшылығының Желтоқсан көтерілісшілерінің талаптарын, тілектері мен мақсаттарын мүлдем түсінгісі келмегендігін М. Соломенцевтің осы сөздері анық айғақтайды. КОКП басшылығы Алматы қаласын қазақ халқына қимайды. Қазақтың өскенін, оның урбанизациялануын мүлдем қаламайды.

**Қорытынды.** Желтоқсан көтерілісі кеңестік тоталитарлық жүйеге империялық коммунистік идеологияға соққы берген 80-ші жылдардағы алғашқы ірі қарсылық болды. Қазақ жастарының аса батыл әрекеті Кеңес Одағының басқа халықтарының ұлттық санасының оянуына айтарлықтай ықпал етті. Желтоқсан көтерілісі қазақ халқы мен бірге басқа Кеңес халықтарының ұлттық тәуелсіздігіне жол ашты.

Желтоқсан көтерілісінің қазақ халқына ықпалы ерекше. Қазақ халқы тек тәуелсіз мемлекет болу ғана оның ұлттық мақсат-мұраттарының орындалуына қол жеткізетіндігін түсінді. Көтеріліске қатысқан жастардың ерлік істері, батырлығы мен тұрақтылығы бүкіл Республика халқына үлгі-өнеге болды. Желтоқсандықтардың ешқайсы өздерінің алаңға шығып, күр қолмен арнайы дайындықтан өткен жазалаушы әскерилермен, қауіпсіздік органдары қызметкерлерімен соғысқандарына өкініш білдіріп, биліктен кешірім өтініп, бастарын иген жоқ. Өлім жазасына кесіліп, көп жылға сотталған желтоқсандықтар соттың әділетсіз үкімін қасқайып тұрып тыңдады, жыламады, жалынбады.

Желтоқсан көтерілісі шындығы әлемдік қауымдастыққа жетті. Әлем жұртшылығы КОКП басшылығының зорлықшыл, репрессиялық саясатын бірауыздан айыптады. Қазақ жастарының ұлттық құндылықтар жолындағы күресін қуаттады. Желтоқсан көтерілісінен кейін қазақ халқының ұлттық және этносаяси бірегейлену үдерісі күшея түсті. Автохонды қазақ халқының тілін, тарихын, гуманистік дәстүрлері мен рухани құндылықтарын дамыту шаралары өрістеді. Сонымен қатар, поликонфессионалды, полиэтникалық Қазақстан қоғамында ұлтаралық араздық күшейген жоқ. Ел халқының дәстүрлі өзара түсіністігі мен татулығы сақталды. Сол жылдарда республика халқының 40 пайызын құрап отырған қазақ ұлтының рухани талаптарына елде тұратын орыс, украин, неміс, өзбек, ұйғар халықтарының диаспорлары түсіністікпен қарады. Қазақстанда ұлттық тәуелсіздік пен егемендікке бағытталған өзін-өзі билеуді мақсат

түтқан жалпы халықтық қозғалыс басталды. Желтоқсан көтерілісі Қазақстанның егемен мемлекет болуына әлеуметтік-рухани алғышарт жасады.

### Әдебиеттер

- Айтбайұлы Т. Алматы 1986 Желтоқсан: айғақ-кітап. Алматы: «Толғанай Т», 2018. 12 том.-398 б.  
 Айтөлен Ү. Алаңға алып шыққан аналық махаббат, аналық сезім еді... // Айқын. 2006. 15 желтоқсан.  
 Әлімгерейұлы Ө. Желтоқсан желі ызғарлы // Егемен Қазақстан. 2008. 16 желтоқсан.  
 Бабаұрат Д. 1986: көтеріліс пе, оқиға ма, толқу ма? // Алаш айнасы. 2013. 13 желтоқсан.  
 Бектемісұлы С. Шыңыраудан шыққан шындық // Әділет. 1991. 4 қазан.  
 Комсомольская правда. 1990. 17 июля  
 Нури Муфтақ. Құпиялы қаза. Қайрат Рысқұлбековтің тағдыры төңірегіндегі кейбір ойлар мен болжамдар // Егеменді Қазақстан. 1991. 24 тамыз.  
 Об обстановке в областях республики на 22 часа 19 декабря 1986 г. В кн.: Желтоқсан. Декабрь. 1986. Документальная хроника / Сост. Б. Әбдіғалиұлы.-Алматы: Арыс, 2021. 880 с.  
 Постановления V Пленума ЦК Компартии Казахстана. В кн.: Желтоқсан. Декабрь. 1986. Документальная хроника / Сост. Б. Әбдіғалиұлы. Алматы: Арыс, 2021.-880 с.  
 Тәбеев Қ.М. Желтоқсан жаңғырығы // Қазақ әдебиеті. 1989. 14 қараша; Сәділ Қ. Үрей Үміт. Желтоқсан // Қазақ әдебиеті. 2009. 15 желтоқсан; Кенжеғұлов Н.Көптеген дәйектер өзгеріске ұшырады // Қазақ әдебиеті. 2009. 15 желтоқсан; Тәбеев Қ.М. Ұлт-азаттық көтеріліс деген статус берілуі керек // Қазақ әдебиеті. 2009. 15 желтоқсан.  
 Тәбей К. Жаппай жазалау, сот. Желтоқсан оқиғасына бес жыл // Қазақ. 1991. 13 желтоқсан.  
 Сабильянов Н.С. «Менің Қазақстаным» әні алаңға шыққан 15 мыңға жуық жастардың рухын көтеріп тұрды // Айқын. 2006. 15 желтоқсан.  
 Шарахымбай Б. Жер қозғалса да, желтоқсан шындығы, қозғалмайды // Қала мен дала. 2016. 11 қараша.  
 Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы. Алматы, 2011. 896 б.  
 Шюц А. Смысловая структура повседневного мира // Фонд- «Общественное мнения». М., 2003. С. 104.

### References

- Aitbaiuly T. Almaty 1986 Zheltoqsan: aigaq-kitap. Almaty: «Tolganai T», 2018. 12 tom.-398 b. [In Kazakh]  
 Aitolen U. Alanga alyp shyqqan analyq makhabbat, analyq sezim edi...// Aiqyn. 2006. 15 zheltoqsan. [In Kazakh]  
 Alimgereiuly O. Zheltoqsan zheli yzgarly // Egemen Qazaqstan. 2008. 16 zheltoqsan. [In Kazakh]  
 Babamurat D. 1986: koterilis pe, oqiga ma, tolqu ma? // Alash ainasy. 2013. 13 zheltoqsan. [In Kazakh]  
 Bektemisuly S. Shynyraudan shyqqan shyndyq // Adilet. 1991. 4 qazan. [In Kazakh]  
 Komsomolskaia pravda. 1990. 17 iulia. [In Russian]  
 Nuri Muftakh. Qupiialy qaza. Qairat Rysqulbekovtin tagdyry toniregindegi keibir oilar men bolzhamdar // Egemendi Qazaqstan. 1991. 24 tamyz. [In Kazakh]  
 Ob ustanovke v oblastiakh respubliky na 22 chasa 19 dekabria 1986 g. V kp.: Zheltoqsan. Dekabr. 1986. Dokumentalnaia khronika / Sost. B. Abdigaliuly.-Almaty: Arys, 2021.-880 s. [In Russian]  
 Postonovleniia V Plenuma TsK Kompartii Kazakhstana. V kn.: Zheltoqsan. Dekabr. 1986. Dokumentalnaia khronika / Sost. B. Abdigaliuly.-Almaty: Arys, 2021.-880 s. [In Russian]  
 Tabeev Q.M. Zheltoqsan zhangyrygy// Qazaq adebieti. 1989. 14 qarasha; Smadil Q. Yrei Ymit. Zheltoqsan // Qazaq adebieti. 2009. 15 zheltoqsan; Kenzhegulov N.Koptegen daiekter ozgeriske ushyrady // Qazaq adebieti. 2009. 15 zheltoqsan; Tabeev Q.M. Ult-azattyq koterilis degen status berilui kerek // Qazaq adebieti. 2009. 15 zheltoqsan. [In Kazakh]  
 Tabei K. Zhappai zhazalau, sot. Zheltoqsan oqigasyyna bes zhyl // Qazaq. 1991. 13 zheltoqsan. [In Kazakh]  
 Sabilianov N.S. «Menin Qazaqstanym» ani alanga shyqqan 15 mynga zhuyq zhastardyn rukhyn koterip turdy // Aiqyn. 2006. 15 zheltoqsan. [In Kazakh]  
 Sharakhymbai B. Zher qozgalsa da, zheltoqsan shyndygy, qozgalmaidy // Qala men dala. 2016. 11 qarasha. [In Kazakh]  
 Shakhanov M. Zheltoqsan epopeiasy. Almaty, 2011. 896 b. [In Kazakh]  
 Shyuts A. Smyslovaia struktura povsednevnogo mira // Fond- «Obshchestvennoe mneniia». M., 2003. S. 104. [In Russian]



**МАЗМҰНЫ  
CONTENTS  
СОДЕРЖАНИЕ**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ**

**Белтенев Ж. М.**  
ЕСКІ ЖӘДІГЕРЛЕРДЕГІ АРАБГРАФИКАЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР  
(ҚР ОМА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....5

**Асымова Д.Б.**  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ  
ОТБАСЫ ФОТОЛАРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕРДІҢ ВИЗУАЛДЫ ТАРИХЫ.....19

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ  
MEDIEVAL HISTORY  
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ**

**Ошан Ж.**  
ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ ЫДЫРАҒАННАН КЕЙІН ТОҒЫЗ ТАТАРДЫҢ ДАЛА  
БИЛІГІНЕ ҮМТЫЛУЫ, ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ  
САЯСИ ОРНЫ МЕН ТАРИХИ РӨЛІ.....28

**Aubakirova K.K., Taiman S.T.**  
HISTORICAL AND CULTURAL FACTORS OF THE TURKIC-ARAB  
RELATIONS DURING THE MAMLUKS RULE (13-15 CENTURIES).....36

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ  
NEW HISTORY  
НОВАЯ ИСТОРИЯ**

**Садықов Е.Т., Жүсіпов Н.Қ., Токмұхамедов С.Е.**  
МӘШҰР ЖҮСІПТІҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ.....44

**Дүйсебаева А.И.**  
ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ИМПЕРСКОЙ ВЕТЕРИНАРНОЙ СЛУЖБЫ  
В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: НА ПРИМЕРЕ ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XIX ВЕКА).....52

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ  
SOVIET PERIOD HISTORY  
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА**

**Кабульдинов З.Е., Рыскулов Т.А.**  
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ СМАГУЛА САДУАКАСОВА.....62

**Жүсіп Сұлтан Хан, Козыбаева М.М., Маслов Х.Б.**  
О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛИХАН БУКЕЙХАНА В ПЕРВЫЕ ГОДЫ  
СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1922).....69

**Гривенная Л.А.**  
ВОССТАНИЯ И ГОЛОД 1921-1922-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ:  
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ РЕАКЦИЯ НА  
АНТИНАРОДНУЮ ПОЛИТИКУ БОЛЬШЕВИСТСКОЙ ВЛАСТИ.....78

**Мусагалиева А.С.**  
О НАРОДНЫХ ВОССТАНИЯХ И ПРОТЕСТАХ В КАЗАХСТАНЕ (1929-1931 ГГ.).....87

**Исенов О.И., Купенов Б.К.**  
1920-1930 жж. ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАН  
ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ: ОЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ.....96

|                                                                                                                                                                                                                        |     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Толентаева К.А.</b><br>ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА АРНАУЛЫ КӘСІБИ БІЛІМНІҢ<br>ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ҒАС. 20-30 жж.).....                                                                                                         | 106 |
| <b>Қайыпбаева А.Т., Әбікей А.М.</b><br>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ<br>ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ.....                                                                                    | 117 |
| <b>Қабыл А.Ә., Нартбаев Ш.Ж., Мамраймов С.Д.</b><br>ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1930-ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ<br>АУА КӨШҮІ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІККЕ ОРАЛУ ТАРИХЫНАН.....                                                                    | 127 |
| <b>Болтаева С.Ж.</b><br>ТӘШЕНЕВ ЖҮМАБЕК АХМЕТҮЛЫ – КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ<br>ЖЕТЕКШІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕРІ.....                                                                                                              | 136 |
| <b>Сактаганова З.Г., Ыбырайхан М.Ы.</b><br>ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1964-1985 жж. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ<br>ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: КОМСОМОЛ-ЖАСТАР<br>БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША..... | 144 |
| <b>Борбасов С.М.</b><br>АЛМАТЫДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ.....                                                                                                                                                | 155 |
| <b>ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ<br/>HISTORY OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN<br/>ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА</b>                                                                                                             |     |
| <b>Уалтаева А.С., Уалтаев М.Д.</b><br>ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ НОВЫХ ФОРМ ЗАНЯТОСТИ<br>В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.....                                                                                                      | 165 |
| <b>Найманбаев Б.Р.</b><br>ИСТОРИЯ БОРЬБЫ ИНТЕРЕСОВ «СТАРЫХ» И «НОВЫХ»<br>ИГРОКОВ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ в XXI ВЕКЕ.....                                                                                                | 174 |
| <b>ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ<br/>ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY<br/>ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ</b>                                                                                                                               |     |
| <b>Әбілсейіт Мұқтар, Тұрарұлы А., Жумабаев А.</b><br>САРАЙШЫҚТАҒЫ «ХАН МОЛАСЫН» ІЗДЕУ ТАРИХЫ.....                                                                                                                      | 186 |
| <b>Хабдулина М.К., Ғайса А.М.</b><br>НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ЭЛИТНЫХ МОГИЛЬНИКОВ<br>САКСКОЙ ЭПОХИ САРЫАРКИ.....                                                                                                   | 196 |
| <b>Оразбаева А.И.</b><br>ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ В XV-XVIII ВВ.....                                                                                                                                         | 207 |
| <b>Қалшабаева Б.К., Өзбекбай Ә.</b><br>ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ<br>СЫЙ АЛМАСУ ДӘСТҮРЛЕРІ (XIX Ғ. ОРТАСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ).....                                                           | 216 |
| <b>Арынов Қ.С., Амантуров М.Қ., Малдыбекова Л.Ж.</b><br>ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚТЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ:<br>ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....                                                                                     | 225 |

**СЫН-ПІКІР  
REVIEW  
РЕЦЕНЗИЯ**

**Аканов К.Г.**

РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ Б.Г. АЯГАНА:

ИСТОРИЯ УЛУГ УЛУСА – ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: КУРС ЛЕКЦИЙ

АЛМАТЫ, «ЛИТЕРА-М» ЖШС, 2020. 224 Б.....236

**МЕРЕЙТОЙ  
ANNIVERSARY  
ЮБИЛЕЙ**

**АЛДАЖҰМАНОВ ҚАЙДАР СЕЙСЕМБАЙҰЛЫНЫҢ**

80-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ .....239